Қалтырайды қыс деген.

Құлақшынды кимесең,
Құлағындытістеген.
(А. Асылбеков)
-Балалар,өлең ұнады ма?
-Өлең не туралы екен?
-Қандай сөздер естеріңде қалды?
-Дұрыс, шырша, жасыл, Жаңа жыл.
-Кімөлеңдіайтыпбереді?

Күні:
Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы еңбек»
Мақсаты: табиғат бұрышындағы мекендеушілермен таныстыруды жалғастыру, ерекшеліктерін байқап,айтып беруге үйрету.Еркіндікте өмір сүретін құстар мен торда өмір сүретін құстар туралы, аквариумдағы балықтар туралы  түсініктерін кеңейту. Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмысы: табиғат бұрышы.
Технологиялық қамтамасыз ету: аквариумдағы балық, тордағы тотықұс.
Шаттық шеңбері:
Балалар,мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын.
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
Балалар 1 жылда неше мезгіл бар?
1жылда неше ай бар?
1аптада неше күн бар?
Табиғат бұрышына назар аударамыз.
Онда нелер байқап тұрсыңдар?
Тордағы тотықұсқада, аквариумдағы балыққа да күтім қажет. Гүлдерге де су құйып шаңдарын сүртіп тұру керек.
Табиғат бұрышына күнделікті уақыт бөліп қарап тұру керек.

Сергіту сәті:
Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.
Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-ақ.

Д/О «Не қайда өседі?»
Барлығы тәрбиешімен бірге табиғат бұрышындағы гүлдерге, тотықұстарға, балықтарға күтім жасайды.

Күні:
Тақырыбы: «Қысқы табиғат көрінісі»
Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің басқа мезгілдерден өзгешілігін түсіндіру.
Дамытушылық: Қысқы ойын түрлерін атау, жұмбақтар шешу арқылы тапсырмаларды орындау, қысқы табиғат көрінісіндегі ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
Сөздік жұмысы: көрініс.
Технологиялық қамтамасыз ету: қыс қызықтары суреттері, қар, аққала, шырша, шырша ойыншықтары.
Шаттық шеңбері
- Қайырлы таң, көк аспан!
Қайырлы таң, жер ана!
Қайырлы таң, қонақтар!
Қайырлы таң, достарым!
Біз ерекше баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Достарымды көргенде,
Қуанып қарсы аламын.
Сәлем, сәлем, сәлем!
- Балалар неше жыл мезгілдері бар?

- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қыс мезгілінде, ауа райында қандай өзгерістер болады?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Қазір қыс мезгілінің қай айы?

Қыс мезгілінде біз қандай мейрамды қарсы аламыз?

Балаларға А. Құнанбаевтың қыс туралы өлеңін жаттадық қой, ендеше есімізге түсіріп қайталап айтайық.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы-үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң-қыс келіп, әлек салды.
- Бұл өлең шумақтарында не туралы айтылған?
- Енді мына суретке назар аударыңдаршы.
(қыс сюжетті сурет беріледі)
- Не көріп отырсыңдар?

- Жылдың қай мезгілі ?
- Дала қандай екен?
- Ауа райы қыста қандай болады?
- Қардың түсі қандай?

- Адамдар қалай киінеді ?
Сергіту сәті:
Күн шығады аспаннан
Біз бақшаға барамыз
Күн төбеде тұрғанда
Түскі ұйқыда жатамыз.
Күн ұяғабатқанда
Біздер үйге қайтамыз.
Ойын: «Жыл мезгілдерін ажырат»
Жұмбақ:
Қыста жер бетін басады,
Жазда сайға қарай қашады.

Бетінен суық сүйеді,
Ерніне суық тиеді.
Қорытынды.
Өте жақсы балалар. Бүгін сендер іс-әрекетке өте жақсы қатыстыңдар.
Сендер жақсы жауап бердіңдер, шапалақтау.

Күні:
Тақырыбы: «Нанды бағалай білесің бе?»
Мақсаты:
1.Диқаншылардың еңбегі туралы балалардың түсініктерін калыптастыру. Жердің үнемі қамқорлықты қажет ететінін әңгімелеу.
2. Өсімдікке өсіп-өну үшін ауа, су, жарык жылу қажеттігін түсіндіру аркылы зейіндерін дамыту.
3. Диқан еңбегіне кұрметпен карауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмысы: диханшы, диірмен, егістік.
Технологиялық қамтамасыз ету: нанның суреттері, слайдтар.
Әркашан аман болайық,
Елімізде тыныштық болсын,
Бейбітшілік болсын,
Нанымыз көп болсын.
Ә. Ахметовтің нан тауралы өлеңін оқиды, мазмұнын түсіндіреді.

**2. Нанның дастарқанға дейін келу жолын әңгімелеу.** Бұл жерде диқан, егістік, элеватор сөздеріне сөздік жұмысы жүргізіледі.

**3. Сергіту сәтін өткізу.**
Музыка әуенімен «шайқалады егістік, шайқалады нұр дала» деп әндетіп, би қимылдарын жасау.

**4. Нан туралы мақалдардын мағынасын түсіндіру.**
Нан - тамактыд атасы.
Ынтымак - көптін батасы.
Нан дастарканға қалай келеді?
Нанды не үшін кастерлеу керек?
Нан туралы кандай мақалдар білесіңдер?
Сергіту сәті:
Нан қиқымын шашпаңдар
Жерде жатса баспаңдар,
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

Жұмбақ:
Қыр басында әрқилы,
Сары теңіз толқиды.

Ертегі:
«Нан қайдан келеді?».
Оқу, рөлге бөліп айтқызу.
Сұрақ- жауап арқылы білімдерін пысықтау. Белсенділерді мадақтау

Күні:
Тақырыбы: «Судың пайдасы, derттің қазасы»
Мақсаты:балаларды судың қасиетімен, құрамымен таныстыру; судың тіршілік иесі үшін мәні, қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту; суды үнемдей білуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмысы: су қоймасы, пайда, дерт, қаза, таза.
Технологиялық қамтамасыз ету:   әр балаға төрт стақан су, езілген бояу түрлері, қант немесе тосап.
Шаттық шеңбері:
Ал, балалар тұрйық,
Үлкен шеңбер құрайық,
Алақанды ұрайық
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Бір отырып, бір тұрып,
Белімізді жазамыз,
Бойымызды созамыз.

Балалар, далада күн жылынды. Бұл-көктемнің белгісі. Қазір бәріміз бірігіп, қиял арқылы саяхатқа шығайық. Ол үшін денелеріңді бос ұстап,көздеріңді жұмып, еркін отырайық. Біз гүлдері мен шөбі жайқалған көгалға саяхат жасаймыз. Көгалда жасыл шөп, сылдырлап аққан бұлақты көреміз. Құстардың дауысы қандай әсем! Енді көздеріңді ашуларыңа болады. Балалар,судың түсі,дәмі туралы біз бүгін тәжірибе жасаймыз.

-Сендер алдыларыңда тұрған кіші стақандағы суды тәрелкеге құйыңдар. Енді губканы суға батырып,бір қолмен ақырын ғана сығыңдар,не байқадыңдар?
-Судың түсі қандай екен,ыдыстағы суға қараңдаршы?
-Енді үшінші стақандағы таза суды ішіп көріндерші,дәмі қандай екен?
-Енді төртінші стақандағы суды алып иіскеп көріңдерші,иісі қандай?
Тәрбиеші балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұрайды.

Күні:
Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар»
Мақсаты:а) Балалардысуретбойыншаәңгімеқұрауғаүйрету, балалардыанықтауышсинонимдерінжинатуға жаттықтыру.
ә) Ойлауқабілеттеріндамыту.
б) Ұйымшылдыққа,достыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмысы: жамылған, жауған.
Технологиялық қамтамасыз ету: Балалар бейнеленген суреттер, слайдтар.
Шаттық шеңбері:
Арайлап бүгін таң атты,
Алтын сәуле таратты,
Жарқырасын қаламыз,
Жайнай берсін даламыз.

– Шеңбердің бір жақсы жері – онда бұрыш болмайды, сондықтан да Бақыт, Қуаныш, Махаббат, Достық адасып қалмайды. Олар міндетті түрде өздерін күткен барлық мейірімді адамдарға келеді.
– Бүгін – тамаша күн. Біздің көңіл-күйіміз жақсы. Біз бір-бірімізбен ойнап, Махаббатқа, Қуанышқа, Бақытқа өз жүрегімізді арнап отырмыз. Сондықтанбіздіңшеңберіміз «Жүректенжүрекке» депаталады.
**Жұмбақ шешкізу.**
Қоймасын қыс актарып,
Жерді жапты ақ мамық.
-Ол не балалар?
-Ендеше қар қай мезгілде жауады?
**« Ақшақар» өлеңін оқу.**
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады,қатады,
Жып-жылтыр болып жатады.
-Балалар, қар қандай болады?
**Сергіту жаттығуы.**
Ал, балалар, келіңдер,
Бой жазайық бәріміз.
Мойнымызды бұрамыз,
Қолымызды созамыз.
Аяқтармен топ-топ басып,

Орнымызға барамыз.
«Қар жамылған ағаштар» сурет бойынша әңгіме жүргізу.
Балалармен сұрақ жауап жүргізу.
Балаларды соңынан оқу қызметке белсенділік танытқаны үшін мақтап, мадақтау.

Күні:
Тақырыбы: «Пайдалы қазбалар»
Мақсаты:
Балаларды елімізде өндірілетін пайдалы қазбалар түрімен таныстыру; пайдалы қазбалардың халық шаруашылығына қажеттігін ұғындыру.
Қарапайым тәжірибе түрлерін жасай алу дағдыларын дамыту.
Пайдалы қазбаларды үнемді қолдану туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру; туған елдің байлығына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
Қолданылытын көрнекі құралдар мен жабдықтар: пайдалы қазбалардың шығатын орнын көрсететін Қазақстан картасы; тұз, көмір, темір, әк сияқты қолжетімді пайдалы қазбалар түрлері немесе суреттері.
Алдын ала атқарылатын жұмыс: пайдалы қазбалар түрлерін немесе суреттерін қарастыру; «Тұз не үшін керек?» деген тақырыпта әңгіме жүргізу; пайдалы қазбалардың шартты белгісімен танысу.
Сөздік жұмысы:пайдалы қазбалар.
Технологиялық қамтамасыз ету:   Балалар  бейнеленген суреттер, слайдтар.
-Балалар, мен қазынаны қайдан табуға болатынын көрсететін карта тауып алдым. Қазынаны тапқыларың келе ме? Кәне, картада не бейнеленген екен, қарап көрейік.
-Бізді алыс жол күтіп тұр. Өзімізбен бірге не алуымыз керек?
-Ата- аналарымызға қоштасарда не айтамыз?
1.-«Көмір» аялдамасы.
(әр аялдамадан  пайдалы қазбаның шартты белгісі көрсетілген карточкалар табылады).
-Бұл жерден не табылды? Таскөмір қалай пайда болды деп ойлайсың?
Ол не үшін қажет? Оны  сипатта.
Педагог балалардың жауабын толықтырады:
Ертедегі өсімдіктердің шіріген қалдықтары жиналып сазға айналып, жер қойнауында қатып, көмірге айналған. Бұл үдеріс жыл өткен сайын қайталанып отырып, бірнеше қабаттан тұратын көмір пайда болған. Көмірді микроскоппен қарасаң, өсімдік бөліктерінің қалдықтарын көруге болады.
-Оны қалай өндіреді? (Суреті көрсетіледі).
-Көмір еліміздің қай жерінде өндіріледі?
Картадан шартты белгі бойынша өндірілетін орындар көрсетіледі.
2 – «Мұнай» аялдамасы.
-Балалар, елімізде мұнай қай жерде өндірілетінін білесіңдер ме?

-Мұнайдан не алынады?

3 – «Темір рудасы» аялдамасы.
-Темірден не жасалады?
-Темір  рудасы қай жерде өндіріледі?
Қазақстан темір өндіруден  3- орында тұр. Темір кен орнының көпшілігі Солтүстік Қазақстанда шоғырланған. Атақты Сарыбай кен орнын бір ұшқыш ашқан. Ол ұшақпен темір кенінің үстінен ұшып өткенде құбылнаманың тілі ауытқыған екен. Көп ұзамай ол жерден кен орны ашылады. Ол жердің кенінің сапасы өте жоғары. Темір рудасы ашық әдіспен өндіріледі.
4 – «Тұз» аялдамасы.
-Тұз не үшін қолданылады?
-Ас тұзы қайда өндірілетінін білесіңдер ме?
-Ас тұзы, сондай – ақ, Балқаш көлі, Ертіс, Есіл өзендерінде де таралған.
Картадан қарау.
Тәжірибе жүргізу.
Бір кесек тұз және бір кесек ақ тас, 2 стакан су алынады. Бірінші стакандағы суға тұз, екіншісіне тас салынады.
-Тұз қайда?
5 – «Құрылыс материалдары» аялдамасы.
-Балалар, қандай құрылыс материалдарын білесіңдер?
Балалар балабақшаға қайта оралады.
-Балалар, біз бүгін картада көрсетілген бағыт бойынша кейбір пайдалы қазбалармен таныстық.
Ал осы пайдалы қазбаларды жер қойнауынан іздеп табатын мамандықтың қалай аталатынын білесіңдер ме?

Күні:
Тақырыбы: «Құстар әлемі»
Мақсаты:Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін
толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.
Технологиялық қамтамасыз ету:құстар бейнеленген атрибуттар, құстар жайлы
диафильм, үнтаспа, ойындар, үшқорапша, тапсырмалар, қазбен тауықтың қауырсындары, аққағаз, күнбағыс майы, су.
Шаттық шеңбері
Келді көктем қоңыр салқын желімен,
Келді көктем нұрын шашқан күнімен.
Келді көктем қызыл, жасыл гүлімен,
Келді көктем әдемі құс үнімен.
Балалар ерте көктемде ұшып келетін құстарды еске түсірейікші, ол үшін менсендерге құстарға байланысты жұмбақ жасырамын.

Шарлап келіп даланы,
Үйіме,үйін салады.
Су бетін сүзіп,
Аққұман жүр жүзіп.
Түнде жортады,
Жарықтан қорқады.
Тақылдатып,мазаныап,
Ағаштарды тазалап,
Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.

Біз сендерменсеруенге шыққанда жылы жақтан көп құстардың ұшып келгенін көрдік.
-Көктем құстарын кім атайды?
- Осы құстар нені қорғайды?
- Ағаштар не үшін керек?
Ендеше сол таза ауамен демалып көрейік.(балалар тыныс алу жаттығуын жасайды)

Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттап алайық.
Құс төмен ұшса жаңбыр жауады,
Жоғары ұшса күн жылы болады.
Сауысқан шиқылдаса,жақсы хабар естиміз.
-Құстар-достар. Қыста құсқа жақсылық жасасаң, жазда жақсылығыңды өтеп береді.
Құстар туралы тыйымсөздер үйренейік.
Құсқа тас лақтырма.
Құстардың жұмыртқасын жарма.
Аққуды атуға болмайды,
Досыңды сатуға болмайды.
Құстың ұясын бұзба,
Қарғысқа қаларсың.
Құстар ағаш түбіндегі құрт-құмырсқалармен қоректенеді.
Ағаштың жайылып жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі.
Құстарға сол себепті қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жемберуіміз керек.
Балалар, мен сендерге осы құстардың қауырсынынан
тәжірбие жасап көрсетемін. Балалар мынау қаздың және тауықтың қауырсыны, яғни қанаттары, оларды көріп, тексереді, сулайды, неліктен қаздың қауырсынында су тоқтамайды. Ақ қағазға күнбағыс майын жағып, сулайды, неболғанын тексереді.
(су қағаздан сырғанап, қағаз құрғақ болып қалады).

Дид. ойын:»Не қалайдыбыстайды?»
- Балалар сендерге сабақ ұнадыма?
- Біз сабақта нелер туралы әңгімелестік?
- Өтежақсыбалалар

Күні:
Тақырыбы: «Наурыз – табиғат қорғау мерекесі»
Мақсаты:Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістерді бақылап ажырата білуге үйрету, үлкендердің еңбегін бақылау арқылы еңбек сүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу
Сөздік жұмысы: табиғатты қорғау, аялау.
Технологиялық қамтамасыз ету:   Суреттер, слайдтар, үнтаспа.
Шаттық шеңбері
- Қайырлытаң, көкаспан!
 Қайырлытаң, жерана!
 Қайырлытаң, қонақтар!
 Қайырлытаң, достарым!
Балалар жылдың неше мезгілі бар?
Жыл мезгілдерін атайық.
Әр жыл мезгілінің өзіндік ерешеліктері болады.

Енді мен сендерге жұмбақ жасырамын.
Қар, мұзеріп, су көбейіп,
Сай-салаға ағады,
Бүршік шашып, жапырақ ашып
Гүл бәйшешек басады.
Ал, балалар айтыңдаршы
Бұл қай мезгілде болады?
 Наурыз көктемнің алғашқы айы. Балалар көктемнің алғашқы күндерінде қандай мерекені тойладық?
Қазір біз көктемге саяхатқа шығамыз. Көктемде күн қандай болады?
Қар еріп , күнжылынып, жылғалардан су ағады, бұтақтар бүршік жарып, жер көктейді, кейбір аңдар ұйқыдан оянады, малдар төлдейді.
Көктемде қандай гүл шығады?
Балалар  мынау ненің дауысы тыңдайықшы?
Ұзақ қарға , қарлығаш, тырналар ұщып келіп жатыр. Құстарды қалай қарсы аламыз?
Алдарымыздағы пішіндерден құстарға ұя құрастырайық. Құстар туралы қандай тақпақтар білеміз.

«Ұясын тап»
Балалар мына суретке қараңдаршы орманда нелерді көріп тұрсыңдар?
Мынау қандай аң?
Қыста аю не істейді?
Қай мезгілде ұйқысынан тұрады?
Аю ұйқыдан тұрған екен, тақпақтар айтып, аюды сергітейік.
Өзі орман еркесі,
Қарғып жүрер жан-жаққа,
Өте құмар жаңғаққа.
Бұл қандай аң?

« Аңдар немен қоректенеді»?
Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі
Кіп-кішкентай ағаштар.
Су құйғанда өседі.
Балалар біз табиғатты қорғап, табиғатқа қамқорлық жасауымыз керек.
Табиғат туралы тиым сөздерді қайталатып, мағынасын түсіндіру
Балалар сендерге көктеммезгіліұнады ма?
Сендер бүгінгіұйымдастырылғаноқу іс-әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар.
Көктем құстары сендерге сыйлық әкеліпті.

Күні:
Тақырыбы: «Құстар серуені»
Мақсаты: Табиғатты сүюге баулу,
балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту,
құстардың пайдасына тоқталу. Өлеңдердің мағынасын түсіну, сөздік қорын б айыту. Байланыстырып
сөйлеуге үйрету. Табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу.
Сөздік жұмысы: серуен, саяхат.
Технологиялық қамтамасыз ету: құстардың суреттері, үнтаспа.
Шаттық шеңбері
- Қайырлытаң, көкаспан!
Қайырлытаң, жерана!
Қайырлытаң, қонақтар!
Қайырлытаң, достарым!
Ал енді балалар орнымызға жайғасыпалайық.
«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
оны айтуға табиғаттың тілі жоқ».
Табиғат дегеніміз не балалар ?
Балалар мен сендерге 1-шумақ өлең оқып берейін сендер бұл өлеңде не туралы екенін айтып бересіңдер ме?
Құстар , құстар келеді,
Даланы жырға бөледі,
Көктем келді деп бізге
Жылы хабар әкелді.
Бүгінгі біздің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміз бойынша өтетін тақырыбымыз «Құстар- біздің досымыз» деп аталады .
-Балалар, от жағуға, құстарды атуға, ұясын бұзуға бола ма?
-Өте дұрыс от жағуға, құстарды атуға, ұясын бұзуға болмайды. Өрт болған жағдайда ағаштар өртеніп кетеді.
Балалар, біз құстарға қандай көмек көрсете аламыз?
Құстардың бізге қандай пайдасы бар?
Олар немен қоректенеді?
Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?
Балалар шаршадыңдар ма?
Онда сергіту жаттығуын жасайық
Қарлығаш боп ұшайық,

Торғайболып қонайық,
Сауысқан боп секіріп,
Бүркітболыпсамғайық.
Қане қанат жазайық
Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.
Сергіп қалдыңдар ма, онда іс-әрекетімізді жалғастырайық.
Енді мен сендерге жұмбақ жасырайын.
Ағаштарды тазалайды, тыным таппай мазалайды. Бұл не?
Қонып алып талға, қарқылдайды не?
Өз-өзін атап, шақырады күнұзақ. Бұл не?
Отыра алмай тыншып, шиқылдайды шиқ-шиқ. Бұл не?
Шарлап келіп даланы,
Үйіме үйін салады. Бұл қай құс?
Су бетін сүзіп, ақ құман жүр жүзіп.
Ал енді балалар мен сендермен «Не, қалай, дыбыстайды» деген дидактикалық ойын ойнағым келіп тұр.
Ал, балалар сендер шынында да құстар туралы
көп нәрсе біледі екенсіңдер. Өте тамаша.
Балаларды мақтап-мадақтау.

Күні:
Тақырыбы: «Аулаға ағаш өсіреміз»
Мақсаты: табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Емен және үйеңкі ағашымен таныстыру. Емен және үйеңкі ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшілігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету.
Сөздік жұмысы: дің, бүршік.
Технологиялық қамтамасыз ету:   ағаштардың суреттері, үнтаспа.
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Сендер табиғаттан қандай өзгерісті байқадыңдар?
-Дұрыс байқапсыңдар, тағы қандай өзгерістер болады?
Педагог балаларға көктемгі өзгерістері туралы қосымша ақпарат береді.
«Жапырағын таны» ойыны:
Ойын шарты бойынша 1.Әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинайды.
2.Жинаған жапырақтарының ішінен үйеңкі және емен ағаштарының жапырақтарын тауып, сипаттап береді (пішіні, түсі, қай ағаштың жапырағы т.б).
Сергіту сәті
Сергіту сәті аяқталғаннан соң педагог балаларға үйеңкі және емен ағашының жапырақтарын жинауды тапсырады.
Дәптермен жұмыс. Тәрбиеші дәптерде берілген тапсырманы түсіндіреді.
Көктем туралы тақпақ:
Көктемде
Күннің нұры түсіп,гүлдер өсіп,
Көктемде бақтар жайнайды.
Құстар келіп,ән айтысып,
Әдемі үнмен сайрайды
Сұрақ-жауап
-Өлеңде не туралы айтылған?
-Құстар қай жаққа ұшып келеді?
Өлеңді жаттатып,2-3 баладан сұрау
Педагог балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды.

Күні:
Тақырыбы: «Таза ауадығы дене тәрбиесі»
Мақсаты: Таза ауада дене тәрбиесін жүргізу, ұжым болып ойнауға тәрбиелеу. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру.
Сөздік жұмысы: таза ауа, дене тәрбие.
Технологиялық қамтамасыз ету: әрбір балаға гимнастикалық таяқшалар, лақтыруға арналған қапшықтар, гимнастикалық баспалдақ.
Бір қатар тізбекпен бір-бірден сол иығына таяқшаны қойып жүру. «бір» белгісіне қарай жұптасып тұра қалу және «екі» белгісіне қарай бір сапқа тұру.
1.Таяқшамен орындалатын ЖДЖ: :
«Штангистер» жаттығуы: аяқтарын сәл ашып тұрады, қолдары төмен түсірілген, таяқшаны көлденең екі шетінен ұстау. Таяқшаны кеуде тұсына көтеру, одан соң жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.
«Отыру» жаттығуы: аяқтың бастарын сәл ашып, өкшелерін қосып тұру, таяқша жауырын үстінде. Ақырын отыру, тізелерін екі жаққа қаратып, денесін тік ұстап, бастапқы қалыпқа оралу.
«Байдаркада» жаттығуы: аяқтарын сәл ашып отыру, таяқшаны көлденең екі қолмен орта тұсқа келтіріп ұстау.
«Ескекпен есушілер» жаттығуы: алдыңғы жаттығудағы қимылды қайталайды. «Суда қалқып жүзу»
Жаттығуы: шалқадан жатып, қолдарын бастарына қояды, ақырын шайқалады.
2.Гимнастикалық қабырғада өрмелеу. Педагог балаларды 2-3 топқа бөледі. Гимнастикалық қабырғада қалай өрмелеу керектігін түсіндіреді, іс жүзінде көрсетеді.
3.Нысанаға қапшықты көздеп лақтыру. Педагог құм толтырылған қапшықшаны (қалташаны) 3м қашықтықта тұрған нысанаға қалай көздеп лақтыруды көрсетеді.
4. «Мен спортсменмін!» қимыл-қозғалыс ойыны. Шарты: ойын барысында бір бала штангистің тұрысын, бір бала палуанның тұрысын, т.б. көрсетеді.
Бір қатар тізбекпен жүріп, тыныс алу жаттығуларын орындау.

Күні:
Тақырыбы: «Табиғат адамзат өміріндегі нәр»
Мақсаты: табиғат бұрышындағы мекендеушілермен таныстыруды жалғастыру, ерекшеліктерін байқап,айтып беруге үйрету.Еркіндікте өмір сүретін құстар мен торда өмір сүретін құстар туралы, аквариумдағы балықтар туралы  түсініктерін кеңейту. Қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмысы: табиғат бұрышы.
Технологиялық қамтамасыз ету: аквариумдағы балық, тордағы тотықұс.
Шаттық шеңбері:
Балалар,мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын.
Қол алысып, кәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
Балалар 1 жылда неше мезгіл бар?
1жылда неше ай бар?
1аптада неше күн бар?
Табиғат бұрышына назар аударамыз.
Онда нелер байқап тұрсыңдар?
Тордағы тотықұсқада, аквариумдағы балыққа да күтім қажет. Гүлдерге де су құйып шаңдарын сүртіп тұру керек.
Табиғат бұрышына күнделікті уақыт бөліп қарап тұру керек.
Сергіту сәті:
Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.
Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-ақ.

Д/О «Не қайда өседі?»
Барлығы тәрбиешімен бірге табиғат бұрышындағы гүлдерге, тотықұстарға, балықтарға күтім жасайды.

Күні:
Тақырыбы: «Бүршік атқан ағаш бұтағын бақылау»
Мақсаты: табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Емен және үйеңкі ағашымен таныстыру. Емен және үйеңкі ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшілігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету.
Сөздік жұмысы: дің, бүршік.
Технологиялық қамтамасыз ету: ағаштардың суреттері, үнтаспа.
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Сендер табиғаттан қандай өзгерісті байқадыңдар?
-Дұрыс байқапсыңдар, тағы қандай өзгерістер болады?
Педагог балаларға көктемгі өзгерістері туралы қосымша ақпарат береді.

«Жапырағын таны» ойыны:
Ойын шарты бойынша 1.Әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинайды.
2.Жинаған жапырақтарының ішінен үйеңкі және емен ағаштарының жапырақтарын тауып, сипаттап береді (пішіні, түсі, қай ағаштың жапырағы т.б).
Сергіту сәті
Сергіту сәті аяқталғаннан соң педагог балаларға үйеңкі және емен ағашының жапырақтарын жинауды тапсырады.
Дәптермен жұмыс. Тәрбиеші дәптерде берілген тапсырманы түсіндіреді.
Көктем туралы тақпақ:
Көктемде
Күннің нұры түсіп,гүлдер өсіп,
Көктемде бақтар жайнайды.
Құстар келіп,ән айтысып,
Әдемі үнмен сайрайды
Сұрақ-жауап
-Өлеңде не туралы айтылған?
-Құстар қай жаққа ұшып келеді?
Өлеңді жаттатып,2-3 баладан сұрау
Педагог балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұрайды.

Күні:
Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінің жұмбағы»
Мақсаты: Орманды күрделі организм және өсімдіктер мен жәндіктер мекені ретіндетүсінік беру. Балаларда орманда мекендейтіндердің бір-біріне коректік байланыс бағыныштылығы бар екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Жәндіктер туралы түсінік беру. Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.
Технологиялық қамтамасыз ету: Жәндіктер бейнесі бейнеленген суреттер.
Әдіс-тәсілдер: сұрақ- жауап, тапсырмалар орындау.
Шаттық шеңбері
Қайырлы таң аңғада, құсқада,
Қайырлы таң жайдарлы жанғада.
Қайырлы таң алға алсын
Кешке дейін жалғассын.
Балалар бүгінгі біздің іс-әрекетіміз өте қызықты болмақ . Біз бүгін орманға серуенге шығамыз.
Орманға барар алдында психологилық жаттығу жасап алайық.
Себебі орманға барам дегенше ұзақ жолбар. Сондықтан біз шаршамауымыз керек.
1.Алма жеу
2.Су ішу
3. Гүл иіскеу.
-Ал балалар орманға баруға дайынбыз ба?
Орманға тез бару үшін көзімізді жұмып өлеңімізді айтайық.
Ал балалар енді көзімізді ашайық.
Балалар біз қайда келдік?
Қандай тамаша! Мұндағы талдарды, әдемі жайқалған гүлдерді қараңдаршы, жәндіктерді мынау қонып тұрған қандай әдемі көбелек.
Өте әдемі жәндік екен. Олардың дыбыстары бірдей бола ма?
Ендеше дауыстарын салып көрейік.
Қарға ----
Торғай---
Көкек---
Мінекей көрдіңдерме әр құстың өз дыбыстар бар екен.
Құстар немен қоректенеді?
Дұрыс. Қандай аң түрлерін білесіңдер?
Дұрыс. Балалар бұл жай орман емес,ғажайып,жұмбағы көп

пертегі орман екен. Қане біз орманда болғандықтан жыртқыш аңдар жайлы психологиялық жаттығу жасайық.
-Кі,кі,кі-
-Ян,ян,ян-
-Тан,тан,тан-
-Ыр ,ыр,ыр-
-Ыс,ыс,ыс-

Балалар аңдар неменқоректенеді?
Балалар, мына жерде біз жәндіктерді көріп отырмыз.
Ал енді осы жәндіктер немен қоректенеді?
Балалар орман көп қабатты үй екен. Неліктен көп қабатты үй дейді екенбіз. Тыңдап көрейік. Оның әр қабаты -өзінің ерекше заңымен өмір сүретін экологиялық жүйедегі орын. «Жертөле» -қалың топырақ қабаты. Онда жер астында өмір сүруге бейім келетіндер өмір сүреді.
«Бірінші қабатта» -өзінің құрылмына қарай топырақ бетін
Орманнан не көрдік?
Балалар орманға біз қалай қамқор болуымыз керек?
Қорытынды.
Өте жақсы балалар. Бүгін сендер оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. Сол себепті сендерге аңдардың суретін сыйға тартқым келеді.

Күні:
Тақырыбы: «Айналамыздың табиғатын сақтаймыз».
Мақсаты: Балалардың саябақ туралы түсініктерін молайту, әрбір жеміс ағашына сипаттама бергізуді еске түсіріп, жалғастыру.  Жемістер туралы түсініктерін молайту.
Дамытушылық: Балалар әрбір жеміс ағашына сипаттама бере отыра, ой қиялы, тілдік қаситі, ой түйсігі, зейіні, бейнелеу қасиеті дамытылады.
Тәрбиелік: Балалардың табиғатқа деген қамқорлық сезімін одан әрі ояту. Табиғатты сүйе білуге, оны ластамауға, өзінің екінші үйіндей сезінуге үйретуді жалғастыру.
Технологиялық қамтамасыз ету: жеміс ағаштары, саябақ көркі, қоқыстар, шөптер, құлып және кілт.
Әдіс- тәсілдер: ойға шабуыл жасау, түсініктерін молайту, сұрақ- жауап, тапсырмалар орындау.
Шаттық шеңбері
Қайырлы таң аңғада,  құсқада,
Қайырлы таң жайдарлы жанғада.
Қайырлы таң алға алсын
Кешке дейін жалғассын.
Проблемалық жағдай орнату:
Балалар енді менің жұмбағымның жауабын тауып көріңдер. Өзі саябақ көркі, түстері жап- жасыл ұзын бойлы балалар бұлар нелер?
Саябақта қандай ағаштар болады? Олардың жемістерін атап жіберейікші балалар.
Жарайсыңдар балалар, ендеше, бүгін біз саябаққа саяхат жасаймыз.
Балалар бақтың есігі құлыпталып тұр екен. Оның кілтін табу керекпіз.
Балалар қараңыздар ана жерде Асия әжей жүр қане бақтың кілтін сұрап алайық.
Асия әжей сәлеметсіз бе?
«- Сәлеметпе балаларым, амансыңдарма, не болды? Қандай шаруамен келдіңдер?»
Асия әжей бізге саябағыңыздың кілті керек еді. Баққа саяхат жасайық деп едік.
«- Жарайды, кілтті берместен бұрын менің сендерге айтар тапсырмам бар, Мына саябақтың жемістерін жинап балабақшаға апарып жерсіңдер, сендерге берер тартуым болсын, жарайма?

Ал саябаққа кірерде абайлаңдар, әрбір жеміс ағашының арасында кедергілер бар, сол кедергілерден сүрінбей өтіңдер.

Ал сәттілік тілеймін.»деп кілтті береді

Балаларды проблеманы шешуге бағдарлау:
Саябақтың құлпын ашып, әрбір жеміс ағашының тапсырмаларын орындайды.
1.Кішкентай алма ағашына көмек көрсету
2.Алмұрт ағашының айналасындағы қоқыстарды жинау
3.Банан айналасындағы арамшөптерді жұлу.
4.Сергіту сәті
Сылдырмақ - сылдырмақ
Тұрады әр кез сылдырлап.
Сылдырмақ - сылдырмақ
Бір сәт тұршы сыбырлап
5.Гүлдердіжинау.
Қарлығаш келіп хабарлама айтады:
«- Достарым, достарым бала бақшадан хабар әкелдім, сіздерді Бибігүл апайларыңмен  Ақмарал апайларың сағына күтіп отыр, Асия әжейдің жемістерін тез алып келсін дейді, ал сау болыңдар».
Дид. ойын: «Тұқымына қарай ағашын тап»
Балалар біз бүгін қайда бардық?
Онда неше жеміс ағашы болды?
Қандай қандай?
Біз оларға не істедік?
Сендерге саяхатымыз ұнады ма?
Жарайсыңдар, балалар қане бәріміз саябақтың есігін кілтеп кетейік.
Ал балалар тәрбиеші қонақтарға не айтамыз?
Себетімізді, гүлдерімізді алып балабақшамызға, тобымызға барайық.

Күні:
Тақырыбы: «Табиғаттың жас көмекшілері»
Мақсаты: Балаларға көктем жайлы түсінік бере отырып, орман көрінісінен мағлұмат беру. Ормандағы аңдарға, олардың ерекшеліктеріне мән бергізе отырып түсіндіру. Баланың ой-өрісін дамыту. Сөздік қорын молайту, өз ойын ашық, еркін айтуға дағдыландыру, табиғатты қорғауға, әдемілікті көре білуге тәрбиелеу.
Технологиялық қамтамасыз ету: техникалық құралдар, ағаш түрлері, аң суреттері.
Әдіс–тәсілдер: сұрақ–жауап, түсіндіру
Шаттық шеңбері
Келді көктем қоңыр салқын желімен,
Келд ікөктем нұрын шашқан күнімен.
Келді көктем қызыл, жасыл гүлімен,
Келді көктем әдемі құс үнімен.
Қазір жылдың қай мезгілі балалар?
- Көктем мезгілінің айларын атаңдаршы?
- Қазір қай ай?
- Бұл айда күн қандай болады? Ауа –райында қандай өзгерістер болады?
- Ендеше, балалар бүгін біз орманға саяхат жасап көрейік. Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?
- Балалар, сендер қандай аңдарды білесіңдер?
- Бұл аңдарды қайдан көрдіңдер?
- Дұрыс, суреттен, теледидардан. Себебі бұл аңдар орманда болады. Олар өз тамағын өздері тауып жейді. Енді балалар, осыорман ішін аралап көрейік. Балалар, мына ағаштың түбіндегі қандай аң, білесіңдер ме?
- Балалар, біз аюдан қалай өтіп кетеміз? Қане, кім аютуралы тақпақ біледі?
Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен.
Теріп, теріп алайық,
Аюға біз салайық.
- Балалар, аю жеміс-жидекпен, балмен қоректенеді, ал қыста ұйқыға жатады. Міне, біз аюдан өттік. Орман іші қандай екен, балалар?
- Дұрыс, әдемі, құстар көп, іші шу. Балалар ана бір ағаштың түбіне қарайықшы. Байқадыңдарма, ол жерде қандай аң жүр?

- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Ол қасқыр. Қасқыр туралы не білеміз?
Қасқыр жортып түнімен
Күндес болып күнімен.
Қасқыр жортар сайменен, Араз болып айменен.
- Балалар, қасқыр жануарларды өзінің тамағы үшін өлтіріп қана қоймайды, оларды текке қыра береді. Балалар, біз біраз жүрдік. Шаршаған шығармыз, кішкене сергіп алайық.
Сергітусәті:
Аю маң-маң басады,
Түлкі бұлаң қағады,
Қасқыр ылаң алады,
Қоян үркіп қашады,
Орман іші көңілді.
Дид. ойын: «Қандай өсімдік екенін тап»
- Балалар, мынау қандай аңның ізі?
- Балалар, біз түлкіге көрінбей өтіп кетейік.
- Міне, біз түлкіденде өтіп кеттік. Түлкі деген балалар, қу, айлакер, мақтаншақ аң. Біз орманда біраз серуендедік. Қараңдаршы, ана бір аң біздің дыбысымыздан қашып баражатыр. Ол қандай екен?
- Дұрыс айтасыңдар.
- Балалар, қоян қашқанда жеткізбейді. Орманда өз жауларынан қашу үшін түстерін өзгертіп отырады. Қоянның түсі ақ және сұр түсті болады. Ал, жаңағы біз көрген, қашып бара жатқан қоянның түсі қандай? - Балалар, енді мен сендерге жұмбақ жасырайын.
Ит сияқты пішіні,
Ұнатпайды ол кісіні.
Жазда қыдырады,
Қыста тынығады.
Орғыған қорқақ көзі еді
Қыспен жаздат үрлі тон киеді.
Қуы екен аңдардың
Бір сәтте алдандым.
- Ал енді балалар, осы аңдардың кейіпкері бар қандай ертегілерді білесіңдер?
- Дұрыс айтасыңдар. Өте жақсы, балалар! Сендер көп ертегі біледі екенсіңдер.
Мен сендерге ризамын.
Жақсы қатысқан балаларды мадақтап, сыйлықтар тарату.

Күні:
Тақырыбы: «Табиғатта өзін-өзі ұстау ережесі»
Мақсаты: Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғатқа қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.
Технологиялық қамтамасыз ету: Ережелер суреттері, слайд.

Балаларды табиғи апаттардың қауіп - қатерін жете түсінуді, жеке және қоғамдық қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауды үйрету.
Балалар, ата - анасымен де, құрбыларымен де демалыс орындарына жол тартады. Басқа қалаға барып, бөтен адамдармен танысып, тіпті жаңа достар табады. Сонымен қоса, барған жерімізден түрлі тағамдармен тамақтанамыз. Әдемі жерлерді көруге саяхатқа шығамыз. Міне, осының бәрін жоспарламастан бұрын әрбір бүлдіршін қауіпсіздік ережелері өмір бойы жадымызда жүруі міндетті.
1. Табиғат аясына шығарда, денені жауып тұратын киім киген абзал. Улы жәндіктер тістеп алса, көбіне терінің ісініп, басылуымен шектеледі. Маса асқазан ауруларын таратушы, сондықтан, масаның тамаққа қонбауын қадағалау керек. Ал аса улы жәндіктердің шағуы орны толмас өкінішті жағдайларға әкеп соғуы әбден мүмкін. Сондықтан, демалысқа табиғат аясына бара жатқанда, мына кеңестерді жадымызда жаттай жүру керек. Себебі біз балалар мен табиғат аясын тамашалауға барамыз.
-Шөпте жалаң аяқ не ашық аяқ киіммен жүру қауіпті;
-Ұзын шашты қалпақтың астына жасырып не мүлдем жинап түйіп тастаған дұрыс, себебі, шашқа қонған жәндіктер денсаулығыңа әлдебір зақым келтіруі мүмкін;
-Табиғат аясында тамақ ішіп болған соң, дереу орнын тып - типыл жинап, қораптарға буып түйіп тастаған дұрыс. Ал тамақ пісіріп жатқанда, қазанның қақпағын мұқият тығыздап жабу керек;
-Жәндіктерден сақтандыратын қорғағыш құралдар алып шық;
-Кене сияқты жәндіктер шағып алса, ауырған жерді сабындап жуып, скипидар тамыз. Ара немесе сона шақса, ол жерге вазелин жағып қой;
-Қолыңда скипидар не вазелин жоқ болса, пияз бен сарымсақ сөлімен сүртсең де болады.
-Шаққан жерді қасымауға тырыс. Тырнағыңмен шағылған жерді ушықтырып

аласың;
-Ара шағып алса, ауырған жерге мұздай зат қойып, димедролдың бір таблеткасын ішіп ал;
-Ал егер жағдайың сәт сайын нашарлап бара жатса, бірден дәрігердің көмегіне жүгінгенің жөн.
-Балдырлары бар шалшықты суға түсуге болмайды;
-Белгісіз жерлерде сүңгуге болмайды, су түбінде суға батқан бөренелер, тастар, тырбиған ағаштар болуы мүмкін;
-Дауылды күні немесе күшті соқпа толқыны бар жерлерде суға түсуге болмайды;

Күні:
Тақырыбы: «Табиғат тіршілік көзі»
Мақсаты: Табиғат туралы балалардың білімдерін кеңейту. Табиғаттың жас қорғаушылары жас экологтарымен таныстыру. Табиғатқа қамқор болып, оны таза ұстауға үйрету.
Технологиялық қамтамасыз ету: Табиғат туралы суреттер, әндер

**Табиғат**

Орманы, тауы, сулары Табиғат – біздің анамыз
Қандай әсем нұр таңы Оны аялап бағамыз
Алуан түрлі аңдары Бар байлығын игеріп,
Мезгіл сайын өзеріп, Өркендейміз, жанымыз
Далаға тұрар оң беріп Мәпелейміз анадай
Қыс та, көктем, жазы да Гүл егеміз аялай
Күздері қандай жазира Шуағын төгіп әрқашан
Табиғат – Ана, жер – Ана Күліп тұрсын әрқашан.
Мәңгілік адам бесігі
Қуат беріп жаныма
Ашылған өмір серігі.

**Көрініс.**

Әкесі мен баласы орманға келеді.
Әкесі: Анғашта қалмапты ғой өзі?
Баласы: Әке, бар ағашты өзіміз қырып болдық қой.
Әкесі: Әй балам, әне жас қайың тұр екен, соны кесейік дейді.
Баласы: Әке ол әлі жас қой, әлі өссінші. Обал емеспе, табиғаттың сәні емеспе?
Әкесі: Немене, табиғатқа жаның ашып қалды. Заманның бізге жаны ашыпағанда, табиғатты ойлайды деп тұрсың ба? Көп сөйлеме, ұста араның арғы басын.

**1 - бала:**

Ақ қайыңды қырқып жатқанда құс ұшып келеді.
Әкесі: Мына құс қайтеді өзі шиқылдап, балам таспен атып ұшыршы.
Құс: Тимендерші бұл ақ қайыңға ұямды бұзбандаршы, қырықпандаршы.
Баласы: Әке, өз ұясын қорғап жүр ғой. Осы ағашты қырыпай – ақ қояйықшы
Әкесі: Көп сөйлеме, ұста араны: Ай сенде нәзік жүрек. Мә саған!

**1 - бала:**

Құсты таспен атып ұрады. Ағашты әкесі мен баласы кесіп әкетеді.

Содан құс:
Ей, адамзат, ойланшы сен бір сәт қана,
Жауыздықтан күңіреніп жылап тұр ғой мына бала
Табиғаттың ысырапсыз пайдаланып бар байлығын не көрінді?
Не қалады артындағы ұрпағына?
Мен көрдім жас қайыңның құлағанын бас ұрып қара жерге сұлағанын
Сарғайып жапырағы өлімсіреп, байғұстың кім тыңдады жылағанын.
**1 - бала:**
Құс әлсіреп шығып кетеді.
**Қорытынды:** Табиғатты қорғау барша халқымыздың міндеті. Сондықтанда табиғатымызды аялап өтейік
Табиғатым сырың терең сенің неткен,
Тау мен тастан сыңғырлаған сұлу өзен
Күн көзінен күмістей шағылған нұр
Көз алдымда көк орай гүлді кезең
Кең даламда шертілген сыбызғы үні
Тебіренген бар тіршілік,аспан нұры
Құстар да қылықтап жан тербеген
О,табиғат,не деген керемет ең
Сенің әсем бейнеңнен әсер алам
Ағаштарың әдемі бұралған
Бар керемет қасиет сенен екен
Әрқашан да боламын саған қорған.
Табиғаттан нәр алғангой жанымыз
Жер бетінің ажары ол сәніміз
Туған өлке табиғатын аялап
Ұсынайық жүрек нұрын бәріміз
Табиғат сен тіршілік тұнып тұрған
Сен күнсің көтерілген күліп қырдан
Сен –көлсін
Сен ормансың
Сен бұлбұлсын
Адамға сұлулықты шын ұқтырған
Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет